

МІНБЕР

Амангелді ҚҰСАЙЫНОВ, Еуразия гуманитарлық институтының ректоры:

— Әбеке, өмірдің біраз белесін бастан өткердіңіз. Қоғамға, айналага қадірлі болып қалу үшін адамға қандай қасиет қажет деп санайсыз?

— Қоғамға ақыл айту, қоғамға қадірлі болу оңай жұмыс емес. Менің ойым, жүріс-тұрысым барша қауымға ұнайды деу — астамшылық. Әркімнің қоғамға, ортаға деген ойы әртүрлі. Тек қана бір ізбен жүріп-тұру мүмкін емес. Рас, өзіме тән өмірлік қағидаларым бар. Жасы үлкенді сыйлап, ұятты болмайтынымды, кішіпейілділік — кішілік емес, кісілік екенін, жетім-жесірге қол ұшын бергеннен ұтылмай-тындығымды ешқашан естен шығарған емеспін. Ақымақтарға жол беріп, кеткісі келгендерге жармасып, есік қаққанға жекірген адам еместігімді білемін. Менің түсінігімде теңіздің үлкендігі — кішкене бұлақ-өзендерді бауырына баса білгендігінде. Ешқашан артқа қарамаймын, өйткені ол тарих-тың талқысында екенін жақсы білемін.

Ешкім төсекте жатып сүрінбейтіні белгілі. Қолыңнан келгенінше бәрін істе, қалғанын тағдырдың сынағына қалдыр. Өмірдің өзі — сабақ, одан сүрінбеу, қателеспеу мүмкін емес. Оның сабағынан ешқашан қаша алмайсың. Қателескен жерім болса, оны мойындап, әділеттіліктің алдына бас июге еш арланбаймын.

Осынша жасқа келіп, өмірден білген ашы шындығым: тым әділетшіл болу ақымақтықпен шектесетіндігі. Бірақ оған да түсіністікпен қараймын. Өмір бәрімізге ортақ, бірақ дұрыс қартаю, өзінді өзгерге кіріптар етпеу әркімнің қолынан келе бермейтіні де ақиқат. Әркімнің кісілігі оның жеке талабы бойынша емес, күнделікті ісі бойынша бағалануы тиіс.

— Бүгінде айналып келіп дәстүр, негіз, адамшылық туралы қайта-қайта айтатын болдық. Әрине, көбінде «молданың істегенін істеме, айтқанын істе» орайында... Біраз адам жамандайтын «совет заманынан» қандай тағылым алғанымыз дұрыс? Біраз адам байыбына бара алмай жүрген тәуелсіздік заманында не істеуіміз керек?

— Кенес заманында өмірге келіп, көмелетке толған жанның біріміз. Ол өмірдің ашысының да, тұшысының да дәмін таттым. Сондықтан кенес заманын бірінші сынаудан аулақпын. Қоғам тек қана жарық шуақтан тұрмайды. Оның да көленкелі, көңілге қарбқан, қад түсіретін кезеңі бар. Таразыға салып, әділ бағасын беру көп жағдайда қолымыздан келмей жатқанын қалай жасырамыз? Біреудің ақылын тамшылап жинаймыз да, өзіміз ақыл айтқанда шелектеп төгеміз. Қазір бізде сыншылдардың қатары жыртылып айырылады. Орынды, орынсыз, жаттанды сынды оқығанда, өзуге күлкі ұялары шындық. Ескі жағадан алыстап кетпей, жаңа жағаны көре алмай жатқанымыз да рас. Өткен мен бүгінге тас лақтыруға машықтанғанымыз сонша, болашақтың бізді аяусыз жазалайтындығынан бейхабармыз. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Біздің заманымыз — өткен заманның баласы, келер заманның атасы» екендігін естен шығармағанымыз абзал.

Тәуелсіздік заманның басты қағидасы ынтымақтастықта деп білемін. Ынтымақ жүрген жерде ырыс жүреді. Ынтымақ — бұзылмайтын қорған. Ең әділдік — тыныштықта. Себебі, онда өтірік жоқ.

Кемшіліксіз қоғам, өмір болмайды. Өйткені кемшіліксіз адам да аз. Кешегі кенес пен бүгінгі азаттықты салыстыру үлкен бір тапқырлық емес. Біз салыстырсақ, адамның жауапкершілігін, ниетін, іскерлігін салыстырайық. Тәуелсіздік — түсіне білген адамға ұлттың әрі тағдыры, әрі мақтанышы. Тағдырына жауапсыз қараған адам, құндылықты мансұқтаған адам, әрине, оңбайды.

Сынды біреу мұзға аунатып, біреу тұзға аунатып ұсынады. Енді біреу жүрегінің жылуына бөлеп айтады. Өреміз биіктеген сайын осының өлшемінен дұрыс парактайтын боламыз. — Көбіміз бүгінгі саясатқа алаңдаймыз. Сізді әлемдік саясатта не алаңдатады? Қазақстан ішіндегі саяси қозғалыстарда қандай үдерістерге қам жейсіз?

— Саясаткер болуға талаптанған жастан өттім. Ешқашан саясаткер болам деген емеспін. Данғаза дәмелі-

лер мен әсіреқызыл әуесқойлар дауласып жатса, өз басым Президентіміздің көпвекторлы саясатының баяндылығын мақұлдаймын. Буыны қатып, бұғанасы бекіп үлгермеген біздің қоғам үшін бұл саясаттың құны ерекше. Өмірдің тиын, заманның қиын кезі. Қазіргі қол жеткізген табыстарға қуана білмеудің өзі — қуарумен бір есеп. Егер бір ақылды адам кемшіліктерімізді дұрыс көрсетіп жатса, риза болуымыз керек. Өйткені олайықсыз қылықтардан арылуға, жамандықты түсінуге көзімізді ашады. Мәселе — орынды сынды дұрыс қабылдай білуде. Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда сын айтуға, оны дұрыс қабылдауға парак жетпей жатады. Мақсат іздеуден мансап іздеу басым.

Билік — тартыс, күрес. Адамзат тарихы күрес үстінде бір-біріне кешірім жасау фактісін білмейді. Әлемдік саясатта өте күрделі, аса шетін мәселе-

лер көп. Оның себебі, салдары оқығанның бәріне түсінікті. Өз ішіміздегі саяси қозғалыстар балаң кезеңнен өтті. Біз де әлем тәжірибесі айнасына қарап келеміз. Әрине, бәріміз еліміздің болашағы үшін қам жейміз. Азаттықта басы бірігеді деген қазақ Абай сынағандай «қикым» болып кетсе, келешегіміз бұлдыр. Дана ақын көп кемшілікті тілдің ұзындығынан көреді. Елді ойлағанда, діл де, дін де, тіл де, тарих та, тұлға да тірек болуы керек!

Отанымыздың барлық саяси қозғалысының, тамыр соғысының негізі — шен-шекпен мұраты емес, мемлекет және халық мұраты болғанда ғана ертенімізге қам жемейміз.

— Білім саласының ардагерісіз. Сіздер ат жалын тартып, оқытушылық қызметке, білім саласын ұйымдастыру ісіне кіріскенде, заман да, заң да басқа еді. Тәуелсіздік жылдары да жауапты қызметтер атқардыңыз. Рухани жаңғыру бастамасына білім саласы қандай үлес қоса алады?

— Рухани жаңғыру «өттеген-ай» деп айта алмай жүрген біраз өзекті мәселелердің шешімін көрсетті. Ендігі міндет — бастаған істі аяғына дейін нәтижелі жеткізу. Оны айтып отырған себебім, бұған дейін де талай күрделі, субелі істер қоғамымызда көтерілді. Басы нәтижелі басталып, аяғы тағасы тозған тұлпардай сүрініп-жығылумен аяқталғаны белгілі. Алысқа бармай-ақ қояйық, кезінде танымал қайраткер, әлеуметтанушы-ғалым М.Тәжиннің тарих туралы пікірі әріптестерімізді бір сілкіндірді. Аяғы «күтім» жок егінен қабын толмастың» кері болып кете барды.

Басты мәселенің бірі — әлемдік 100 оқулықтың сапалы аудармашысы мен Қазақстанның алға дамуына зор үлес қосқан 100 ірі тұлғаны дұрыс тандасақ деген арман. Жершілдік, аташылдық құрсаулаған ахуалда анау өлкенің баласы мынау өлкенің бабасынан артық деген жалған ұғымның шылбырына сүрінбесек жарайды. «Ұшқан құстың жолы жоқ» дегендей, мұндайда тандау, талғам, өлшем, қағида түпсіз болып көрінеді. Бүгінгі білім саласының негізгі міндеті — елде осы парасатты қалыптастыру. Барды байыту, жоқты болдыру.

Тасқа тары, мұзға бидай еккен пысықтардың жемтігіне айналмай, «жаңғыру» деген сөздің түп-тамырын дұрыс түсіне алсақ, үлкен жеңіс — осы.

— «Жердің кіндігін тапсам, шыр көбелек айналдырар едім» деген армандай, білім саласын қалыптау, байытты, өнегелі, дәстүрлі етуге не жетпейді?

— Қазаққа «көре тұра айтпаған — көргенсіз, біле тұра айтпаған — жетесіз» деген мәтел бар. Өзім білім саласында жарты ғасырдан астам еңбек еткен адаммын. Бұл саланы біреудей білемін. Біз еліктемеген ел қалған жок шығар.



ДАРИЯҒА АТ САЛМАЙ ТҰРЫП, ӨТКЕЛІН ТАП!

Біз анау да боламыз, мынау да боламыз деп, олардың ғылым, білім саласының балағына оралмаған кезіміз жоқтың қасы. Бірақ ол қоғамға қажетті ме, мүддемізге сай ма деп бас ауыртпадық. Әлі де сол дүрмектің, еліктеудің жетегіндеміз. «Оймақ пішсең де, ойлап пішуді» естен шығардық. Нокталы дүниеде ноктаға басы сыймаған білімділердің айтқандарына құлақ асудың орнына оларды шеттеттік. Енді бізде мектеп те, ЖОО-да жаман деуден жалықпаймыз. Сол сын айтушылар жаман-жақсыны кімнің таразысына салып анықтапты, өзінің таразысы ма, әлде Алланың таразысы ма? «Ала сөйлеу — арамдық» екендігін ұмытпай, еңбектеп жылжысаң да ертеңге ұмтылуға тырысу қажеттігін әр сәт есте ұстасақ.

— Жылдан-жылға жоғары білім саласы нарыққа бой түзеп барады. Сіз жеке ЖОО басшысысыз. Енді ұлттық, мемлекеттік ЖОО-да осы жолға түседі. Нарықтағы білім сапасы, маман сапасы дегенді қалай түсіндірер едіңіз?

— Біздің қоғамда «тиянақты білім деп тек қана мемлекеттік ЖОО-да бар» деген ұғым қалыптасқан. Бұл қате пікірді жокқа шығару оңай емес. Алыс жол атты, ауыр жол ерді қалай сынаса, ертен өмірдің өзі-ақ кімнің кім екеніне бұқараның көзін жеткізеді бесенеден белгілі. Бұған бас ауырттып, сөз шығындаудың қажеті шамалы.

Басқа жеке оқу орындарының ішкі ісіне араласпай-ақ қояйын. Біздің институттың оқытушысы, профессор Мақсат Касен осы тамыз-қыркүйек айында Сан-Франциско қаласында өткен АҚШ саяси ғылымдар ассоциациясы ғылыми конференциясының «Ақпараттық технология және саясат» секциясына жетекшілік етіп қайтты. 2017 жылы 6-8 қыркүйекте Стокгольм (Швеция) университетіндегі симпозиумға қатысып, «Электрондық үкімет феномені» атты тақырыпта баяндама жасады.

Осы азаматымыздың Массачусетс университетінде (2011), Вудбери университетінде (2012), Мәскеу мемлекеттік университетінде (2014) жасаған баяндамаларын әлемдік ғылым қауымдастығы өте жоғары бағалады. Ғалымның ағылшын тілінде Нью-Йоркте, Лондонда жарық көрген екі монографиясы — жалпы Отанымыздың мақтанышы деп сеніммен айтамын.

Вячеслав Евсеев ныспылы тағы бір маманымыз 2014 жылы Германияның Кельн университетінде диссертация қорғап, Dr. phil. habil (толық доктор) ғылыми дәрежесін алды. 2017 жылы оның Кельндегі «Белау» баспасынан неміс тіліндегі көлемді монографиясы жарық көрді. Міне, сапа деп осыны айтамын.

Ұлт көзімен қарасақ, ана тілімізде ғылыми сапалы мақала жазып, білікті

дәріс оқып жүрген профессорларымыз қаншама?! Өзімізге сеніп, бәсеке бәсін білсек, жекенің де желкені білім айдынына шыққанын халық байқап тұр.

— Бүгінде Білім министрі болу әрі қиын, әрі оңай жұмыс секілді. Өзіміз де қызметтік сатыңызда сол белеске жақындадыңыз. Білімнің ең принципі мәселелеріне келген, неге зиялы атаулы бір жак, Білім министрлігі бір жак.

— Тәуелсіздік жылдарында ең көп реформаға ұшыраған сала — білім саласы. Бұл салада ақыл айтып, басшылық етпеген адам аз шығар. Бұтақтың суретін салғанда да желдің тынысын сезе білу көбінің қолынан келмегені аян. Ойланбай шешім қабылдау, қабылдаған шала-жансар шешімінің өзін аяғына дейін жеткізбеуде алдымызға жан салмадық. Құл астында қоламта бола алмастығын білсек те, қулығына құрық бойламас талайлардың айтқандарына сеніп басымызды тауға да, тасқа да соқтық. Әлі де сол баяу халдеміз. Келген басшыға жұмыс істетпей, алғашқы қадамынан бастап сынға алу қанымызға сіңді. Қандай да болса бастаманы аяғына дейін тындаудың орнына, әр министрдің алғашқы ауыз ашқанынан бастап, жамыраған лактай манырап, талауға кіріскенімізді жасыра алмаспыз. Әр бастаманың басында кім тұр, оған талдау жасап басымызды ауыртпадық. Сын керек, бірақ орынды болғаны жөн. Сын айттын ба — оны шешудің жолын да көрсетуге тырыс.

Би болудың оңай, білік айтудың қиын екендігін өмір үнемі дәлелдеп келеді. Көп реформа білімнің күретамырына балта шапқаны ақиқат. Соның нәтижесінде, ағаштың діңі, адамды білімі көркейтіндігін естен шығардық. Орынды істен қашып, орынсыз әрекеттің құрбаны болдық.

— Сіз ҚазҰУ-да оқыдыңыз, қызмет істедіңіз, Еуразия университетін басқардыңыз. Мемлекеттік, ұлттық мәртебедегі оқу орындары. Жаманды-жақсылы дәстүрі бар. Осы Қазақ — Британ университеті мен Қ.Сәтбаев университетін қосқанның дәстүрге, соның ішінде елге аса қажет ұлттық техникалық жоғары мектеп дәстүріне зиян келтіріп алған жоқпыз ба?

— Қазіргі кезең тоқты тоймас, шөміш кеппес, есепшінің есебі кіссеніндегі аралық. Неге екі оқу орнын біріктіріп жатқанын түсінсем бұйырмасын. Қазақ «азды көпке қосқанның арманы жоқ» дейді. Арманы орындалғандардың бір есебі бар шығар. Әйтеуір жанынан өткенде «мандайшасындағы Қаныш Сәтбаев атындағы...» деген сөз өшпесе деп үміт арттамыз. Тірі адамның ісі — үміт қой.

— Ақыры ҚазҰУ-ды айтқан соң кешегі одақта дүрілдеген Мәскеу университеті саясатында да ойыссақ. Садовничий деген ақсақал басқарып отыр.

Президенті есептеседі. Өздері ештеңеге еліктеп-солықтамаймыз дейді. Әлем амалсыз оны «рейтингіне» қосып, алдыңғы орындардың бірін беруге мүдделі. Осыны қалай байыптар едіңіз?

— Басқаға еліктеп, кім болмадық? Өткеннің орағына, кеткеннің кетпеніне жармасқанымыз өтірік емес. Қазір ректорлардың беделін жермен жексен еттік. Демократияның алғашқы жылдарында кімдерді ректор қоймадық. Есіміз кіре бастаған кезде ректорларды конкурс арқылы тағайындауға ұмтылдық. Конкурстың қалай өткізілетіндігін, оларға кімдердің жіберілетіндігін айтпай-ақ қойған жөн. Мен В.Саловничийді проректор кезінен білемін. Кезінде МГУ-дың ректоры Р.Хохловпен бірге ҚазҰУ-ге келгенде танысқанбыз. МГУ ректоры болған кезінде Нобель сыйлығының лауреаттарымен бірге оны Еуразия университетінде қабылдадық. Өнегелі ісімен өрге жүзген ақылды адам. Президентінің бір ЖОО басшысынан «бұл қалай?» деп сұрауы орынды да шығар. Кенес өкіметін қанша жамандасақ та ғылымы мен білімі шоқтығы биік еді ғой.

жұққанға айтар кезеңде «ел ең зор жақсылығын мұғалімге жасайды, өйткені ол халықтың көзін ашып жатыр» дегенді сөзбен емес, іспен жүзеге асыратын шығармыз.

— Қазір ғылыми біліктілікті, өсуді өлшегенде, гуманитарлық ғылымға техникалық және жаратылыстану ғылымдары өлшемімен қарау көп ғалымның жолын кесіп жүрген жоқ па?

— Техникалық, жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық ғылымдардың арақашықтығы бұлт ала, жер шаладай. Инпакт-факторлы журналдарға, мысалы, біздің қазақ тілінің, тарихымыздың бар-жоғы бірдей. Барлық ғылым саласының жетістіктері тек қана шетелдік журналдардың бетінен көрінуі керек деген ұстаным — «елемеген бұта көз шығарадымен» орайлас. Қазір инпакт-фактор деп даурыққан қаншама журналдардың арты ашылып, даңғойлығымызды бет-пердесін ашқандай.

Рас, ол техника, жаратылыс саласындағы ғылымдарға керек шығар, бірақ міндетті емес. Осы «инпакт-фактор міндетті түрде керек» деп ұсыныс айтқан министрді жақсы білемін.

Оның осы журналдарда қанша еңбегі шығыпты? Бәрін бүлдіреді де тайып тұрады, «біреу бұзуға бар, түзеуге жоқ» дегеннің кері. Ақырын ойламай білгенін істегендердің заманы. Енді өзі білмегеннің аузына қарап өсудеміз. «Қалған көлге бақа айғыр» деп бекер айтылмаса керек, енді соның сазайын тартып отырмыз.

— Бұрынғы Ғылым академиясы құрамында болған ұлттық ғылыми-зерттеу институттары (тарих, тіл, әдебиет, археология, философия т.б.) аса қиын кезенді бастан кешіріп отыр. Ұлттық зерттеулерді Үкіметтің тікелей қамқорлығына алуға не кедергі?

— «Қазақстанда гуманитарлық ғылымдар тағдыры неге қазақтың ғана мүддесі?» деген сұраққа әлем жауап беріп қойған. Тіпті мына көрші Ресей де оның жауабын күш сайын, 24 сағат бойы айтады. Кеше ұлтты жермен-жекесен етеміз деген кенес өкіметінің өзі қазақ тарихын жазуға, тілін жүйелеуге, дүниетанымын мойындауға мәжбүр болды. Біз соның келдір-бұдырын сынай отырып, өзіміз қателікке ұрынамыз. Кім бізге тарихын мен тілінді, әдебиетін мен мәдениетінді зерттеуге қаржы бөлме, ғалымдарды ашқұрсак етіп ұста деді. Әлемде көптеген елде гуманитарлық ғылым — үкіметтің мойнында. Өмір — тарих, тағдыр — тарих, тәжірибе — тарих. Осыны білмей, ұлт гуманитарлық ғылымын дамытпай, еш ілгері бспай-тынымызды түсіне алмай жатырмыз.

Біз қазір «ғылымға 1 теңге берсек, ертең 10 теңге болып қайтуы керек» деген қате пікірдің жетегіндеміз. Ғылымға бөлінген қаржының нәтижесі кем дегенде 5-10 жылдан кейін көрінеді. Осыны түсіне алмай жатырмыз. Әлде барынды көздеме, жоқты іздеме деп отыра береміз бе?

— Өзіңіз бастауында тұрған Астана-ның интеллектуалдық өрісі кенейіп келеді. Алматы — кемі 60 жылдан бері зерде-білігін танытқан қала. Елорда мен облыс орталықтарының, тіпті аудан-ауылдың үйлесімде дамуы үшін не қажет деп есептейсіз?

— Менің Астананың қалыптасуына азды-көпті қосқан үлесіме оң баға бергендеріңіз рақмет. Тарихи 90-жылдардың соңында Елбасы қасынан табылып, жаңа елорданың рухани өркендеуіне атсалысқаным — әрі парызым, әрі тағдырым. Алыс жол бір қадамнан басталады. Алматы да бір күнде мәдениеттің, ғылымның орталығына айналған жоқ. Елорда мен облыс орталықтарының, аудан мен ауылдың үйлесімді дамуы үшін бұлар өмір талап-шарттарымен санаса білуі шарт. Отан болашағы деп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарса, алынбайтын асу жоқ. Өзінің ғана шарқынды біліп, өзгенің нарқын қабылдай алмасаң, іс те қожырайды, халық та анырайды. Түйсік пен тәжірибені дұрыс ұштастырсақ, ел тұтас дамиы. Тәуелсіздіктің ширек ғасыры бізді осылай ойlandsypaды, осылай толғандырады.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Д.МЫҚТЫБЕК